

Қатысқаны:

Назарбекова С.А.

Смаилова С.Қ.

Сергазы Ж.

Кункенов С. С.

Хужин А.Н.

Мухитова Н.Б.

Бейсенова Ж.Н.

Канафина Г.Ж.

Хауай Р.

Дукенбаева Н.Е.

Акишев К.Қ.

Асқар Е.

Ажыхан Е.

Дүйсенбаева Л.

Дүйсенбаев М.Т.

Кокумбаев К.Е.

Хожабай Б.

Сайлаухан Б.

Байгабыл Т.

Табиғатқызы Т.

Альмагамбетова С.Ж.

Жагипарова С.Т.

Кабдышева А.Қ.

Кункенова М.Н.

Умурзакова Г.К.

Ракыш Б.К.

Шамшитова Ш.А.

Кункенова Г.А.

Алеш А.

Асылбек А.

Естай А.

Шайкенова Н.Р.

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын бекіту.
4. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау.
5. 2022-2023 жылға арналған оқу жоспары, мұғалімдердің апталық жүктемелері, сынып жетекшілері, кабинет меңгерушілері, бірлестік жетекшілері, әдістемелік кеңес мүшелерін бекіту, кадрлар туралы, мектеп құжаттарының және жұмыс ережесін қабылдау.
6. Мұғалімдер аттестациясы. Біліктілікті арттыру курстары.
7. Оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне қолайлы орта қалыптастыру.
8. Педагогикалық әдеп.

1.Тыңдалды : Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Сөйледі: Назарбекова С.А.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. 5 тамызда тіркелді.

Бастауыш білім беруді. мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар

Бастауыш білім беру мазмұнында:

- 1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар:

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар үшін «әліппе», «Ана тілі» пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «әліппе» оқулығымен 1 жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері «Ана тілі» оқулығымен 2-жартыжылдықта; орыс тілінде оқытылатын оқушылар үшін «Букварь», «Обучение грамоте» пәндері бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері «Букварь» оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері «Обучение грамоте» оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі»;

1-4-сыныптарда «өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Сыныпты екі топқа бөлу жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;
- 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан бас.а) бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Бастауыш білім беруді. жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

47. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 35 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды.

Күнітзбелік жылдағы каникулдық ұзақтығы кемінде 115 күнді құрайды, оның ішінде оқу жылында кемінде - 25 күн.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

7. Негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- 1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) Құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 33 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 сағаттан аспауы тиіс.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны – 24 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) технология;
- 4) информатика бойынша жүзеге асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

Күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 115 күнді, оның ішінде оқу жылында кемінде 25 күнді құрайды.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

Жалпы орта білім беруді. мемлекеттік жалпы.а міндетті стандарт

Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар ретінде:

- 1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтыма.тасты.;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу айқындалған.

Сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптарға білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

10-11-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 36 оқу аптасын құрайды.

Күнтізбелік жылдағы каникулдың ұзақтығы кемінде 115 күнді құрайды, оның ішінде оқу жылында кемінде 25 күн.

Оқу жылы ішінде үш рет каникул беріледі: күзде, қыста және көктемде.

Каникулдың нақты мерзімін Қазақстан Республикасы білім саласының уәкілетті органы белгілейді.

Қаулы етті:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен барлық мұғалімдер толық таныссын.

2.Тыңдалды : ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Сөйледі: Смаилова С.Қ.

«2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173

Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн

1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады

«Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды. «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар)

«Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу.

Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі. 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсы оқытуды жалғастыру. Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру. Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу. «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру. «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу. Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу. «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру. Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу. Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

2022-2023 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді: - «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады; - «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды; - «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді: - «Қазақ тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады; - «Шет тілі» пәні алынып тасталды; - «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне;
- 2) шет тіліне;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылады.

Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді. «Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда .

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру

Ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда:

- 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы;
- 2) шетел тілдері;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика екіге бөлініп оқытылады.

Ескертпе: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлу қазақ тілінде оқытпайтын барлық сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 5-9-сыныптар мен 10-11-сыныптарда апталық сағаттық жүктеменің өзгеруімен топтарға бөлу сақталған. Мектептер оқу тіліне қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепшілік ісшараларды негізінен қазақ тілінде ұйымдастырады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 24 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда;
- 3) шет тілі;
- 4) информатика.

✓ Ата-аналардың қаражаты есебінен оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (бастауыш сыныптарға арналған жазуларды) сатып алуға жол берілмейді.

✓ ОӘК бюджет қаражаты есебінен ғана сатып алынады. 13 Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлу қарастырылады.

2024-2025 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:

Оқыту қазақ / орыс тілдерінде жүргізілетін бастауыш білім берудің Үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізіледі:

«Шетел тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылады.

Негізгі орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарында:

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні «Орыс тілі» және «Әлем әдебиеті» оқу пәндеріне бөлінеді. «Дүниежүз тарихы» пәнінің атауы «Әлем тарихы» пәні болып өзгереді. 9-сыныпта «География» пәнінің атауы «География. Қазақстан географиясы» пәні болып өзгереді.

2024-2025 оқу жылынан бастап CEFR деңгейлерінің талаптарына сәйкес қазақ және қазақ емес тілдерде оқытатын мектептерде 3-сыныптан бастап «Шетел тілі» пәні аптасына 3 сағат көлемінде оқытылатын болады.

Бастауыш мектептегі ҮОЖ өзгерістері 2022-2023 оқу жылының 1- сыныбынан білім алатын білім алушыларға қатысты. ҮОЖ өзгертулер кезең-кезеңімен енгізіледі:

- 1-сынып – 2022-2023 оқу жылы;
- 2-сынып – 2023-2024 оқу жылы;
- 3-сынып – 2024-2025 оқу жылы;
- 4-сынып – 2025-2026 оқу жылы

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1-сыныпта – 1 сағатты;
- 2-сыныпта – 1 сағатты;
- 3-сыныпта – 1 сағатты;
- 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады. Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді. Домбырада ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушылардың эстетикалық және көркем мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Музыка сабағында домбырада ойнауды үйренуді жалғастыру қажет. Қазақ тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті

компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келуімен дей К: 1.Ж

10 сыныпта-5 сағат;

11 сыныпта-5 сағат. Оның ішінде 1 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді. Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа сағаттарды инварианттық компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады. Орыс тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт және қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды: 10 сыныпта-1 сағат; 11 сыныпта-1 сағат. Сағаттар «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді.

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Мектепшілік бақылау нормативтері

Бақылау нысандары Нормалар

1 Сабаққа қатысу, бақылау және талдау - директордың орынбасарлары үшін айына кемінде 8 сабақ; - білім беру ұйымының директоры үшін айына кемінде 4 сабақ; - 1 сабаққа қатысу ұзақтығы – 45 минут.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

3 Электронды сынып журналдарын тексеру мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

4 БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексеру мектептің бекітілген кестесі бойынша

5 Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау және олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Педагог бағалауды нормативтік-құқықтық актілерге және мұғалімдерге, атааналарға және оқушыларға көмектесу үшін әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізуі тиіс: – «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы; – Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериялды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық;

- Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критериялды бағалау бойынша нұсқаулық;
- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық: оқу-әдістемелік құрал;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Мұғалім ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11- сынып білім алушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады.

БЖБ орындау үшін сабақтың формасын (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және т.б.) және өткізу уақытын педагог дербес айқындайды.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып дербес құрастырады. Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу

мен сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және бір баллдан он баллға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

Қаулы етті:

1. Жоспар құру барысында әр нұсқаулықта берілген ұсыныстарды басшылыққа алу.
2. Оқыту процесінде бағалау ережелерін басшылыққа алу.
3. Әр нұсқау хатпен мұғалімдер толық танысу.
4. Мектеп және мұғалімдердің барлық құжаттары №130 бұйрыққа сәйкес жазылып орындалсын.
5. 2021-2022 оқу жылындағы оқылықтарды жою және толтыру мақсатында әр пән мұғалімі күнделікті сабақтардың жоспарына қосымша тапсырмалар енгізісін.

3. Тындалды : 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын бекіту.

Сөйледі: Смаилова С.Қ., Серғазы Ж.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мұғалімдерді 2020-2021 оқу жылына арналған жоспармен таныстырды. Мұғалімдердің ұсыныстары тыңдалып енгізілді.

Қаулы етті:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары қабылдансын.

4. Тындалды : Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау.

Сөйледі: Назарбекова С.А.

Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры оқу-тәрбие процесіндегі барлық нормативті құжаттармен таныстырды. Мектеп жұмысының ұйымдастыруына байланысты бұйрықтармен таныстырды.

5. Тындалды: 2022-2023 жылға арналған оқу жоспары, мұғалімдердің апталық жүктемелері, сынып жетекшілері, кабинет меңгерушілері, бірлестік жетекшілері, әдістемелік кеңес мүшелерін бекіту, кадрлар туралы, мектеп құжаттарының және жұмыс ережесін қабылдау.

Сөйледі: Смаилова С.Қ.

Барлық мұғалімдерді биылғы оқу жылының жүктемесімен таныстырды.

Мектеп директоры Тарификациялық комиссия құру және қосымша ақы төлеу туралы толық тоқтады:

Мектеп қызметкерлерінің еңбек өтілін есептеу және тарификациялық тізілімдерді құру мақсатымен келесі құрамдағы комиссия мүшелерін ұсынды:

Назарбекова С.А.- мектеп директоры, комиссия төрайымы

Смаилова С.Қ.- оқу ісі жөнінде директордың орынбасары

Серғазы Ж.- тәрбие ісі жөнінде директордың орынбасары

Байғабыл Т.- кәсіподақ төрағасы

Тарификациялық комиссия:

- қызметкерлердің еңбек кітапшалары бойынша еңбек өтілдері тексереді.
- әр қызметкердің атқаратын жұмысымен және жүктемесін тарификациямен таныстырады.
- Педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес мұғалімдердің сағат сандары бастауыш, негізгі және орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес беріп, Штаттық кесте АББ бекітіледі.
- Кей пәндерден кадрлардың жетпеуіне байланысты арнайы курстық дайындықтан өткен мұғалімдер жіберілсін және өтінім хат мектеп директорының атына жолданады.

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес:

- Дәптерлерді және жазбаша жұмыстарды тексергені үшін 1-4 сынып мұғалімдеріне оқу орыс тілінде жүретін мектептерде (сыныптарда) қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдерді және оқу ұлттық тілдерде жүретін мектептерде (сыныптарда) орыс тілін, оқу қазақ тілінде жүретін мектептерде (сыныптарда) орыс тілі, математика, әдебиеттік оқу пәндерінің мұғалімдеріне, жазбаша жұмыстарды тексергені үшін 5-11 (12) сынып мұғалімдеріне: қазақ, орыс тілдері, басқа ұлттық тілдер мен әдебиет бойынша, математика, химия, физика, биология, шет тілі бойынша қосымша ақы төленеді.

Пән мұғалімдерінің жетпеуіне байланысты математика пәнінің -3 сағаты, орыс тілі әдебиеті пәнінің – 12 сағаты, музыка пәнінің – 3 сағаты вакантқа қойылады.

- Вакант сағаттар 2022 жылдың 1 қыркүйегіне бастап мына мұғалімдерге беріледі:
- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хужин Азамат Наилович – 3 сағат, оқушылардың дәптерін тексеру – 3 сағат;
- математика пәнінің мұғалімі Алеш Айгүл – 3 сағат, оқушылардың дәптерін тексеру – 3 сағат;
- музыка пәнінің мұғалімі Жагипарова Самал Темирбековна – 3 сағат;

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 тамыздағы № 551 қаулысының 4 тармағына сәйкес:

- Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне 30% қосымша ақы төленсін (хаттамаға сәйкес).

- Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық шеберлік біліктілігі бар мұғалімдеріне (хаттамаға сәйкес):

- педагог – шебер – 50%

- педагог – зерттеуші мамандарға – 40%

- педагог – сарапшы мамандарға – 35%

- педагог – модератор мамандарға – 30% қосымша ақы педагогтардың шеберліктері үшін тізім бойынша төленеді.

- Білім беру ұйымдарының басқару біліктілік санаты бар басшылары мен олардың орынбасарларына (хаттамаға сәйкес):

- Назарбекова С.А – 3 санат – 30%

- Смаилова С.К. – 3 санат – 30 % қосымша ақы төленеді.

- Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін қосымша ақы Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 10 АЕК көлемінде қосымша ақы:

- физика пәнінің мұғалімі Асылбек Айнұрға төленеді.

- Сабақтан тыс спорт сабақтарын жүргізгені үшін БЛА-дан 100 % қосымша ақы белгіленді:

- Хожабай Балжан – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

- Сайлаухан Батыржан – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

- Ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге қосымша ақы хаттамаға сәйкес төленеді.

Смаилова С.Қ. төмендегі құжаттар бойынша ережелер ұсынды:

- «Жас ұстаз» мектебі

- Модерация жүргізу ережесі

- «Ізденіс» оқушылардың ғылыми қоғамы

- Дарын» оқушылар қоғамы

- Мектепішілік олимпиада ережесі

- Оқу дәптерлерін жүргізу және рәсімдеу

- Әдістемелік кеңес ережесі

- Істер номенклатурасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қаулы етті:

- 1. Сынып жетекшілігі және кабинет меңгерушілері бекітілсін.
- 2. ӘБ жетекшілері бекітілсін.
- 3. Мамандығы бойынша сәйкес емес мұғалімдерге аталған пәндерден сабақ берілсін.
- 4. Мектеп құжаттары бекітілген ереже негізінде жүргізілсін.
- 5. Оқушылардың оқу үлгерімі туралы табелді жыл соңында шығарып бекіту.
- 6. 1-10 сыныптарда № 415 бұйрық, 20.08.2021 жылғы, 11 сыныптарда №205 бұйрық, үлгілік оқу кітапшасы қабылдансын.
- 7. Комиссия құрамы бекітілсін.
- 8. Ұсынылған ережелер қабылдансын.
- 9. Істер номенклатурасы қабылдансын.

6.Тыңдалды: Мұғалімдер аттестациясы. Біліктілікті арттыру курстары.
Сөйледі: Смаилова С.Қ.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығымен слайд арқыл мұғалімдерді толық таныстырды.

Аттестация ережесімен және бекітілген іс-шаралар жоспарымен таныстырды.
Біліктілік арттыру курстары бойынша перспективті жоспармен таныстырылды.

Қаулы етті:

1. Аттестация өтетін мұғалімдер тізімі бекітілсін.
2. Аттестация өтетін мұғалімдер бекітілген жоспар негізінде іс-шаралар ұйымдастырып өткізсін.
3. Әр пән мұғалімі біліктілікті арттыру курстарынан 3 жылда бір рет өтсін

7. Тыңдалды: Оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру.

Сөйледі: Назарбекова С.А.

Оқу - тәрбие үрдісінде жағымды жағдай жасау, мектеп маңы мен мектеп өмірінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау - мектеп әкімшілігінің және барлық мектеп қызметкерлерінің міндеті.

Білім беру ортасындағы қауіпсіздіктің сан түрлері көп. Мысалы, жарықтың білім алу ортасына не кабинетке оңтайлы түсуі, сабаққа қажетті барлық құрал - жабдықтар, кабинетте өсіп тұрған гүлдің өзі қауіпсіз болуы қажет. Халықтың аз қозғалатын топтары үшін пандустар және сүйеніштердің талапқа сай орнатылуы, сонымен қатар, балалардың тұтынып жүрген тамағының да қауіпсіздігі маңызды. Кез келген шынар ағашының биіктеп өсіп-өнуіне қолайлы орта, құнарлы жер қажет болатыны сияқты, балалар үшін де қауіпсіз, қолайлы орта олардың жан-жақты дамуының негізгі шарттары болып есептеледі. Оқушының мектеп қабырғасында еркін білім алуына ешқандай кедергі болмауы қажет. Бала тегін біліммен қамтамасыз етіліп, оқу- тәрбие алуына толық жағдай жасалу мектеп мен мұғалімдердің міндеті. Бала құқығы заң аясында қорғалу керек (С.Ануарбековна бұйрықпен таныстырды).




Осылардың барлығы ескеріле отырып, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік ережелері, оқушылардың жалпы тәртіп ережелерінің әрбір оқушыға таныстырылуы, орындалысы қатаң бақылауда болуы керек. Оған мектеп әкімшілігінен бастап, мұғалімдер, сынып жетекшісі, психолог, мектеп дәрігері, асхана қызметкерлері, мектеп кіре берісіндегі вахтерға дейін жауапты болады.

Мектеп әкімшілігі бала өмірінің қауіпсіздігі тақырыбында ата-аналар оқуын ұйымдастырып, ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысына тікелей араласатын барлық қызметкердің міндеттерін өз деңгейінде орындауы нәтижесінде қауіпсіз білім ортасы қалыптасады.

-Мектеп ережесі ұсынылды.

-Өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық берілді.

-Терроризмге қарсы дайындық бойынша іс- шаралармен таныстырылды.



8. Тыңдалды: Педагогикалық әдеп.

Сөйледі: Назарбекова С.А.

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен мектеп директоры тоқталып өтті.

-Педагогикалық әдеп қағидалары

-Педагогикалық әдептің негізгі қағидааттары

-Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары

-Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

-Кеңес қызметін ұйымдастыру

Әр тарауға тоқталып өтті.

Қаулы етті:

1.Әр мұғалім баланың оқуы мен тәрбиесіне, дамуына жауапты.

2.Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, оларды кемсітушілікке жол бермеу басты міндет.

3.Барлық мұғалімдер педагогикалық әдеп туралы заңмен толық танысып шықсын.

4.Педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.



Төрайымы
Хатшы

Назарбекова С.А.
Табиғатқызы Т.